



*Тламашаға толтырып тұнық төрді,  
Жетті, Наурыз, үкілеп ұйыткерді!*

## Әзіл айттыс

Сөзін жазған Оразақын Асқар

**Жігіт:** - Сізді көріп сермеді жыр құлашын,  
Кеудемде бір қамданып тұрды лашын.  
Наурызда жөн сұрау айып емес,  
Амансың ба? Атың кім Құрбыласым!

**Қыз:** - Жыр дегенің әнің бе жер тепкізген,  
Жөн сұрайтын бар ма адам бізден.  
Жас кезінде атам ат сұрамай-ақ,  
Сыйлық беріп әжемді селт еткізген.

**Жігіт:** - Не десең де теңсіңдер, еріктерің,  
Сый жинауға алаңға келіп пе едің?  
Өйтетіндей ескеріп ерте тұрып,  
Өзің маған «Ұйқыашар» беріп пе едің?

**Қыз:** - Бейтанысқа біз қашан «таян» дедік,  
Қозы келсе болар ма Баян да ерік.  
Ұйқың әлі, жігітім, ашылмаса,  
Тұрмын ба мен түсіңде аян беріп?!

**Жігіт:** - Ағаттығым болды-ау бұл бір істеген,  
Ендігіде жөніммен дұрыс келем.  
Наурыздың, құрбылас, құтты болсын,  
Танысармыз «бір көрген біліс» - деген...



Ербол Жақсыбеков  
"Жігіт сұлтаны-2012"  
Агрономия факультетінің 1 курс студенті

## Ұлағатты ұстаз – Жәдігер Зарлықұлы!

Ардақты ұстазымыз, Есхожин Жәдігер Зарлықұлы, техника ғылымдарының докторы, профессор, Ауыл шаруашылығы Академиясының академигі, университетіміздің құрметті қызметкері 70 жасқа толғалы отыр.

Аса қадірлі Жәдігер Зарлықұлы, Сізді мерейлі жетпістің белесіне жеткен мерей тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!



Әрбір адамның өзіне тән зұмыр жолы, тіршілік баяны болады, бірақ еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде арқилы. Оны сырт көз өздеріне бағалап та жатады. Жалпы алғанда, адам кісілік келбет, азаматтық тұлғасымен, жан-жақтылығымен ерекшеленбек. Сіз осындай адами асқақ қасиетке ие ұлағатты ұстазсыз! Сіз 1968 жылдан білім ордасында аянбай еңбек етіп, қаншама талапкердің талантын танып, сан студенттің ғылымға сүйіспеншілігін арттырып, еліміздің білікті мамандарын даярлап, талай тәлімгер тағдырының темірқазығына айнала білдіңіз. Еңбегіңіздің мәуелі жемісі саналатын шәкірттеріңіздің алдында зұмыры габрат галым, ұлағатты ұстаз ретінде үлкен құрмет-ілтипатқа иесіз. Ұстаз үшін жетістік осы болса, шәкірт үшін Сіздей кісіден тағылым алу бір ганибет екенін айтқымыз келеді. Сіздің еңбек жолыңыз – кейінгі буын ізбасарларыңызға қажыр-қайраттың нышанын паш ететін рухани азық. Сондықтан шәкірттеріңізге дарытқан білімнің алдағы уақытта да сала мамандарын даярлауда өз қажетіне жарап, талай тәлімгердің сусындайтынына кәміл сенеміз.

Ардақты ұстаз! Сізді мерейтойыңызбен құттықтай отырып, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, әулетіңізге баянды бақыт тілейміз. Ел ертеңі – жастарды тәрбиелеу жолында қуат-жігеріңіз сарқылмасын, зұмыр жұлдызыңыз жүзге дейін жарқырасын, сіз салған ізді келешекке жеткізер шәкірттеріңіздің қатары молая берсін дегіміз келеді.

Ізгі тілекпен, шәкірттері: жоғары оқу және ғылым қайраткерлері т.ғ.д., профессор Адуов Мұбарак Адуұлы, т.ғ.д., профессор м.а. Нөкешев Саяхат Оразұлы, т.ғ.к., доцент Ахметов Ержан Советұлы.

Баспасөз орталығының директоры

Талғат МАХАНОВ

Бас редактор

Равиль НҰРЖАНОВ

Дизайн және беттеу

Жансая ОМАРОВА

Газет Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, №1106-Г тіркеу куәлігі берілген. Жарияланымдардың мазмұны мен суреттердің сапасына редакция жауап бермейді.

Мекен-жайы: Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 62

С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ

Тел.: 31-75-64, 39-57-07

Газет ҚазАТУ баспаханасында басылды. Газет ай сайын шығады. Таралымы 1 000 дана.

*Жұлдыздар тоғысын, тіршілік оянды,  
Ұлу жылын қарсы алып, ұзатайық қоянды!*



1967 жылдың  
6 сәуірінен бастап шығады

№ 22 (2097)  
19 наурыз 2012 жыл

# А | А | А

С.СЕЙФУЛЛИН атындағы  
ҚазАТУ СТУДЕНТ  
ЖАСТАРЫНЫҢ ГАЗЕТІ  
e-mail: agun.katu@gmail.com • www.agun.kz

## ЖАУЫНМЕНЕН ЖЕР КӨГЕРЕР, БАТАМЕНЕН ЕЛ КӨГЕРЕР!

Бата дарып, бақ қонсын!  
Уа, жаратқан ием құдірет  
Тілегімді қабыл ет!  
Иманымды кәміл ет!  
Ақ тілек бейбітшілік өмір болсын!  
Елім, жұртым қадірлі аман болсын!  
Туғандай бір анадан жамағаттар,  
Достыққа берік, мықты адал болсын!  
Наурыз мейрамы құтты болсын!  
Қайда барсақ жол болсын!  
Ұлы халқым тоқ болсын!  
Қайғы уайымы жоқ болсын!  
Қуаныштары көп болсын!  
Әумин!



Университеттің ардагерлер алқасының төрағасы Оразбай Сапарұлы Сапаровтың ақ батасы

## БҮГІНГІ САНДА

- В Мировом рейтинге сайт ҚазАТУ поднялся на 1267 позиций
- ҚазАТУда «Амал» мейрамы тойланды



- Традиции Наурыза



## НАУРЫЗНАМА

Жер-жабанды сері самалға өпкізіп, жұрттың аузын аққа жеткізіп, нұр тамшыларын аямай төккізіп, қиындықтың бәрін келер жылға өткізіп, Самарқанның көк тасын ерітіп, жер жүзін жібітіп, тас жүректерді мейіріммен үгітіп, жеті қат жер астына дейін балқытып, жыл құстарының әнін шалқытып, Жетісуға жасылдан көйлек кигізіп, Сарыарқаны самал желге сүйгізіп, Алатаудың төбесінен көкке тигізіп, Қаратауға құт-берекені үйгізіп, жеттің бе, өз-Наурыз!

Ақ бұлақтарды ақтартып, шың-құздарды шаттанып, тізбектеп тырналарды, сүйгізіп сырғаларды, шоршытып балықтарды, шапшытып арықтарды, тербелтіп наз қайындарды, төгілтіп жаз жайында әнді, қаздарды қаңқылдатып, найзағай жарқылдатып, айтып ертегіңді, жайып желкеніңді, жеттің бе, өз-Наурыз!!!

Табиғат ананың жаңарып, түлейтін шағы – осы Наурыз. Жер-ананың тоң кеудесі жібіп, тас емшегі ииді. Аспан денелері ең бастапқы нүктелерінде тоғысады. Күн мен түн теңеледі. Жан-жануарлар төлдерін өргізеді. Жер үстіне тілмен айтып жеткізгісіз керемет бір шаттық орнай қалады. Наурыз деп отырғанымыз, Жаңа күн деп жар салатын қуанышымыз – осы. Наурыз – жылдың алғашқы күні. Түптен келгенде, біздің нағыз Жаңа жылымыз осы Наурыз.





### Құрметті әріптестер! Құрметті студенттер!

**Сіздерді Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!**  
Наурыз - халқымыздың ұлттық құндылығының бірі, жалпы халықтық мереке. Наурыз – тек көктемнің ғана емес, бұл ең әуелі ізгілік пен жақсылықтың мейрамы. Күн мен түн теңелетін, ырысы мол мереке біздің жан - дүниемізді шуаққа бөлейді, ой - ниетімізді таза арнаға бұрады. Бұл кешірім мен мейірімнің, үміт пен сенімнің, ізгілік пен түсіністіктің мерекесі.

Осынау атаулы мейрамды пайдалана отырып, баршаңыздың дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға шаттық, отбасыларыңызға амандық, ырыс пен ынтымақ және еңбектеріңізге табыс тілеймін!

Наурыз күні ойға алған барлық арман-мұраттарыңыз орындалып, үміттеріңіз ақталсын!  
Наурыз құтты, жаңа жыл берекелі болсын!

Игі тілекпен,  
А.Қ.Күрішбаев



#### • Жаңалықтар желісі



13 наурыз күні «Нұр Отан» ХДП партиясы Астана қалалық филиалының кезектен тыс XVI конференциясы өтті. Конференция жұмысы барысында партиялық ұйымның саяси кеңесінің құрамы және бақылау-тексеру комиссиясының құрамы өзгертілді. Жаңарған саяси кеңестің құрамына С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ректоры Ақылбек Күрішбаев енді.



С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде

Басқарма төрағасы А.Қ.Күрішбаевтың шетелдік студенттермен кездесуі өтті. Кездесу мақсаты – шетел азаматтарын жаңа тіркеу ережелерімен таныстыру, оқу және тәрбие мәселелерін талқылау. Астана қаласы Ішкі істер департаменті Көші-қон полициясы басқармасының аға инспекторы Сейпилова Сая Қадырқызы ҚХР, Моңғолия, Ауған Ислам Республикасы, Ресей Федерациясы, Өзбекстан, Түрікменстан, Армения және Қырғызстаннан келіп оқитын студенттерге Қазақстан территориясында шетел азаматтарының келу ережесімен таныстырды.

на 5202 место, т.е. улучшил свое положение на 1267 позиций. По критерию «Размер сайта» в июле 2011 г. университет занимал 5297 место, в этом году – 1800 место. Наблюдается почти трехкратный рост.

Хороших результатов университет добился по критерию «Google Академия»: в прошлом году – 7229, в этом – 2951 и занял третье место среди вузов Казахстана.

Отметим, что по всему миру число пользователей сайта Webometrics очень велико. Сайт ежегодно анализирует свыше 20 000 вузов, разбросанных по всему миру.

В этом году в рейтинге Webometrics числится 20 369 вузов. Если на первом месте Гарвардский университет США, то список завершает Университет науки и технологической медицины Судана.



#### Пресс-центр

В Мировом рейтинге Webometrics официальный сайт Казахского агротехнического университета им. С.Сейфуллина поднялся с 6469 места

Университет өмірінде болып жатқан басқа да жаңалықтарды [www.agun.kz](http://www.agun.kz) сайтынан оқуға болады.

### Наурыз жыры

Это особый вид устной народной литературы, фольклорные произведения, исполнение на Наурыз. Существует немало рожденных этим праздником поздравлений, пожеланий, благословений, частушек, остроумных куплетов.



### Наурыз бата

В традициях казахского народа много видов благословений, и одно из них - наурыз бата. В дни наурызнамы уважаемые аксакалы, женщины преклонного возраста благословляли того, кто их угостил наурыз-коже, акына, победителя айтыса, понравившегося музыканта, певца, борца и т.д. Адресатами наурыз бата становились все гости тоя, жители аула. Сохранилось немало устных памятников этого обычая.



### Имянаречение

Существует поверие, что родившиеся в Наурыз дети будут отмечены расположением звезд, высших сил. Поэтому при наречении им давалось имя, связанное с праздником. Известно немало батыров с подобным именем: Наурызбай Кутпанбай улы (1706-1781), Наурызбай Касымұлы (1822-1847). В Золотой орде правил хан Наурыз. Очень распространены имена Наурызгул, Наурызбек, Наурызали и другие этого же происхождения.

### Наурызша

В конце марта, когда близко дыхание весны, выпадает тонкий слой пушистого, ослепительно белого снега. В народе его называют "наурызша".

Ақтың молаятын, Жарықтың ұзаратын, Нұрдың молығытын, Тіршіліктің жаңаратын, Өмірдің жаңғыратын, Пейілдің түзелетін, Көңілдің кенітін кезеңі - наурыз мейрамы құтты болсын!

\*\*\*\*\*

Көктің тынысын тыңдап, жердің тамырын басқан, тұрмыс-тіршілігін табиғат-анамен тығыз байланыстырған халқымыз Наурызды жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы деп бағалаған.

Ел тыныш, туған жер аман болып, әр отбасында шат көңіл, бақыт және береке салтанат құрсын!

\*\*\*\*\*

Жарықтық табиғаттың түлеп, жаңаратын шағы – осы Наурыз. Жер-ананың тоң кеудесі жібіп, тас емшегі ииді. Аспан денелері ең бастапқы нүктелерінде тоғысады. Күн мен түн теңеледі. Жан-жануарлар төлдерін өргізеді. Жер үстіне тілмен айтып жеткізгісіз керемет бір шаттық орнай қалады. Наурыз деп отырғанымыз, Жаңа күн деп жар салатын қуанышымыз – осы.

Наурыз – жылдың алғашқы күні. Түптен келгенде, біздің нағыз Жаңа жылымыз осы Наурыз болуы қажет... Түбінде осы мерекеге келуіміз керек. Бұл халқымыздың, тәуелсіздігіміздің ең негізгі тамырының бірі болып саналады.



**Seit КЕНЖЕАХМЕТУЛЫ**  
писатель-этнограф

## Традиции Наурыза

Наурыз - международный праздник, высоко чтимый многими народами Востока, официальный праздничный день в Республике Казахстан, Узбекистане, Кыргызстане, Туркмении, Азербайджане и Таджикистане. На протяжении тысячелетий по восточному календарю в этот день отмечается наступление Нового года. Торжество сопровождается рядом народных обычаев, традиций и ритуалов. Издавна праздновался Наурыз мейрамы в казахской степи - весьма торжественно и красочно. Вернувшись из небытия вместе с духовным возрождением и возвращением традиций прошлого, он вновь занял свое место в ряду государственных праздников.

Тема Наурыза - обновления, очищения, прихода весны, зарождения новой жизни, любви и красоты - красной нитью проходит через многие литературные произведения и научные труды гениев средневекового Востока - Махмута Кашгари, Абу Райхан Бируни, Фирдоуси, Алишера Навои, Омара Хайяма. Немало строк этому прекрасному празднику посвятили в своих трудах и выдающиеся казахские ученые и литераторы Абай Кунанбаев, Алихан Букейханов, Ахмет Байтурсинов, Миржакуп Дулатов, Сакен Сейфуллин и другие.

В отличие от других праздников Наурыз мейрамы имеет неповторимые особенности, присущие только ему черты. Традиции празднования Наурыза направлены на раскрытие лучших человеческих качеств - открытости, сердечности, отзывчивости, милосердия. И в этом один из секретов, почему его прихода ждут с нетерпением.

Теперь я хотел бы остановиться на отдельных народных традициях и обрядах, связанных с Наурызом.

### Наурызнама

Наурызнама - веселый и радостный праздник, карнавал. Упоминания об обычае весело отмечать наурызнаму можно встретить в рукописях Абая. В некоторых регионах Казахстана этот праздник назывался Наурыз той. Все, кто приходил на наурызнаму, стар или млад, обязаны были веселиться, смеяться, развлекаться и развлекать других. Регламент праздника запрещал пьянки, ссоры, другие подобные сцены, которые могли омрачить приподнятое настроение празднующих. В праздничной программе были широко представлены спортивные соревнования, конные скачки, состязания богатырей-палуанов. И, конечно, не обходилось без песен, танцев, игр. Существовали специальные обрядовые песни к Наурыз мейрамы. Тут же затевались айтысы, веселые состязания в остроумии, сметке, загадывались загадки, звучали шутки. Существовал обычай, когда старики давали добрые напутствия молодежи. Получить такое благословение в Наурыз считалось доброй приметой.

В прошлом наурызнама обычно длилась 3-9 дней. Интересные наблюдения о праздновании Наурыз мейрамы сохранились в трудах фольклориста, ученого Машкура Жусупа: "Один только праздник в степи, когда казах чувствует себя казахом, - наурызнама. В эти дни читают хаджи специальную книгу, посвященную Наурызу, имя этой книги "Салдама".

Весна - пора любви, встреч влюбленных. Во время наурызнамы молодежь готовила специальный напиток уйкы ашар. Джигиты дарили молодым девушкам кольца, сережки, зеркальца. Эти подарки были со значением и назывались селт еткізер. Вручение подарка и его получение свидетельствовали о взаимной симпатии, нежных чувствах молодых. Существуют ритуалы и для пожилых людей. Для них в эту пору готовили особое блюдо - бел котерер. Это праздничное угощение, украшавшее стол вместе с традиционным наурыз-коже.



### Наурыз-коже

Специальное угощение к праздничному столу в Наурыз. И в каждом доме существовал свой рецепт его приготовления. Общим для всех правил было только число используемых продуктов - ровно семь. Гостям подавались и лучшие мясные блюда - казы, шужык, вареное мясо. Считалось, что предложенное гостям угощение наурыз-коже служит поводом для установления добрых отношений.

*Кең болсын қазағымың, керегесі, кетпесін Алла берген берекесі,  
Алаштың баласына нәсіп болған, Құтты болсын НАУРЫЗ мерекесі!*

## «Амал» мейрамы тойланды

С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ студенттерінің бастамасымен тұңғыш рет 14 наурыз күні Астана қаласындағы ЖОО студенттері арасында «Амал» мейрамына арналған мерекелік шара ұйымдастырылды. Агрономия факультетінің акті залында өткен шараға ҚазАТУ ректоры, профессор А.Қ.Күрішбаев, ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, республикалық «Тұмар» журналының Бас редакторы,



орындады. Айтулы шараға қатысқан ақын Фариза Оңғарсынова апамыз көптен қолына домбыра ұстамаса да, қонақ кәде ретінде күмбірлетіп күй орындап, жастарды жігерлендіріп жіберді. Астанаға келгенімізге он жылдан асып кетті. Содан бері жастардың Амал мерекесін ұлықтап жатқандарына алғаш рет куә болып, қатты қуанып отырмын. Негізі, адамзат тарихында үш күнтізбе болған. Соның екінші күнтізбесінде осы жылдың, біздіңше, Наурыз мерекесі наурыздың 14-і күні басталады. Ал үшінші күнтізбе енгізілгеннен кейін, ол мейрам наурыздың 22-сіне ауысқан. Осы кезде «Көрісу» деген жақсы дәстүр болған. Енді бұрын үлкен қалалар болмаған ғой. Бірнеше шаңырақ болып тұрған қазақ халқы жер аяғы жібіп, көк шыға бастаған кезде, «Қыстан аман-есен шықтық!», - деп бір-бірін құшақтап, қуанып амандасқан. Мінеки, осы бастаманы Астананың жастары көтеріп отыр. Бұл - аса қуантарлық жағдай. Ата-бабамыздың салт-дәстүрі жалғаса берсе, қазаққа өлім жоқ деп білемін! Жастарға рақмет! Амал мерекесі құтты болсын!,- деді Фариза апа арнау сөзінде.

қазак поэзиясының падишасы Ф.Оңғарсынова, Президенттік сыйлықтың иегері, «Әдебиет» шығармашылық бірлестігінің Директоры - Бас редакторы Ж. Б. Саухат сынды танымал тұлғалар, ұстаздар мен студенттер қауымы қатысты.

«Амал» мейрамы мен «Көрісу»



Григориан күнтізбесіне дейін көшпелі қазақ халқы «Амал» - бүгінгі «Наурыз» мерекесін наурыздың 14-і күні атап өткен. Себебі дәл осы күні Амал жұлдызы Күнмен бір сызықтың бойына шығады. Ұлы Даланы мекендеген көшпелі түркі халықтары бұл астрологиялық құбылысты «Амал мен Күннің көрісуі» деп білген. Осыдан көктем шығысымен «Көрісу» деген жақсы дәстүр дүниеге келген.і

Күннің шуағы төгіліп, мұздың көбесі сөгіліп, жер-ана бусанып жатқан қазіргі шақты ата-бабаларымыз «амал туды» деп ағайынның амандығын сұрасып, ауыл-аймақтың мал-жанын салтының қандай тәрбиелік мәні бар? - деген сауалға жан-жақты жауап берілген «Амалдың ақ таңы» атты деректі фильм көрсетілді. Сөйтіп, студент жастар ата салтын жаңғыртуды біз қолға алдық, сіз куәгер болыңыз, атсалысыңыз деген ұсыныс тасталды.

Осы жиынға қаламыздың басқа да жоғарғы оқу орындарынан студенттер қонаққа келді.Еуразия ұлттық университетінің бірінші курс студенті Алтынбек Сүйінбекұлы осы жиынға арнайы жазған, амалдың тарих беттерін деректейтін арнауын

орындады. Айтулы шараға қатысқан ақын Фариза Оңғарсынова апамыз көптен қолына домбыра ұстамаса да, қонақ кәде ретінде күмбірлетіп күй орындап, жастарды жігерлендіріп жіберді.

Астанаға келгенімізге он жылдан асып кетті. Содан бері жастардың Амал мерекесін ұлықтап жатқандарына алғаш рет куә болып, қатты қуанып отырмын. Негізі, адамзат тарихында үш күнтізбе болған. Соның екінші күнтізбесінде осы жылдың, біздіңше, Наурыз мерекесі наурыздың 14-і күні басталады. Ал үшінші күнтізбе енгізілгеннен кейін, ол мейрам наурыздың 22-сіне ауысқан. Осы кезде «Көрісу» деген жақсы дәстүр болған. Енді бұрын үлкен қалалар болмаған ғой. Бірнеше шаңырақ болып тұрған қазақ халқы жер аяғы жібіп, көк шыға бастаған кезде, «Қыстан аман-есен шықтық!», - деп бір-бірін құшақтап, қуанып амандасқан. Мінеки, осы бастаманы Астананың жастары көтеріп отыр. Бұл - аса қуантарлық жағдай. Ата-бабамыздың салт-дәстүрі жалғаса берсе, қазаққа өлім жоқ деп білемін! Жастарға рақмет! Амал мерекесі құтты болсын!,- деді Фариза апа арнау сөзінде.

Күннің шуағы төгіліп, мұздың көбесі сөгіліп, жер-ана бусанып жатқан қазіргі шақты ата-бабаларымыз «амал туды» деп ағайынның амандығын сұрасып, ауыл-аймақтың мал-жанын салтының қандай тәрбиелік мәні бар? - деген сауалға жан-жақты жауап берілген «Амалдың ақ таңы» атты деректі фильм көрсетілді. Сөйтіп, студент жастар ата салтын жаңғыртуды біз қолға алдық, сіз куәгер болыңыз, атсалысыңыз деген ұсыныс тасталды.

Осы жиынға қаламыздың басқа да жоғарғы оқу орындарынан студенттер қонаққа келді.Еуразия ұлттық университетінің бірінші курс студенті Алтынбек Сүйінбекұлы осы жиынға арнайы жазған, амалдың тарих беттерін деректейтін арнауын



түгендеген. Осылай қытымыр қысты шығарып салып, амалдың туғанын ерекше мереке етіп қарсы алған. Наурыз айының 14-і күні жаңа ай туатын болса, 21-інде күн мен түн теңеліп, жаңа күн, яғни жыл жаңарды деп есептелген.

Амал келді, тағы да амал келді, жақсылықтың бастауын ала келді. Көктемгі «өліара» өтісімен, ата-бабамыз үй айналасын тазартып, қалың қар көбесі сөгілген жайылымға мал шығарған.



«Ұлы күні қазан толса, ол жылы ақ мол болар. Ұлы кісіден бата алса, сонда олжалы жол болар» деген. Көрісу дәстүрі тек еліміздің батыс өңірінде емес, барша қазаққа тән мереке, Наурыздың беташары десе де болады. Дәл 14 наурызда келіп көрісе алмағандар тоғыз күнге созылатын Наурызнаманың кез келген күні келіп көрісетін болған. Көрісудің тәрбиелік, әлеуметтік, эстетикалық маңызы зор.

Амал туып, ай мен үркер тоғысатын күндерді кейбір аймақтарда «тоғыз» немесе «тоғыс» деп атайды. Яғни амал, тоғыс, көрісу болсын барлығы Наурызнамаға сәйкес келеді. Мерекеге жиналған жұртшылық алдағы жылдары күллі ел болып, осы игі дәстүрді Сарыарқаның кең жазирасына қайта әкеліп, алаштың байтақ даласында жандандыру қажет деген сенімде.

**Ерлан Қылаубаев**  
2 курс студенті



## Әз - Наурыз



Ахмет Байтұрсыновтың сөзімен айтсақ «Жаңа күн» деген мағынаға ие ұлық мереке - Наурыз келді.

Сұлтанбек Қожанов «Наурыз – табиғаттың мейрамы» деген. Демек, бұл осы мерекені тойлайтын халықтар үшін аса зор салтанат, ұлы жиын деген.

Қазақтың біртуар ақыны Мағжан Жұмабаев «Қазақтың наурызы – дін мейрамы емес, тұрмыс мейрамы, шаруашылық мейрамы» деп бағалаған.

Еліміздің жүрегі – Астана қаласындағы іргелі білім ордасы С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-да «Армысың, әз-Наурыз» атты байқау шеңберінде дүбірлі дода басталды. Наурыз мерекесін Университет деңгейінде атап өту мақсатында ұйымдастырылған бұл байқауға барлық факультеттер қатысып жатыр. Байқау барысында сахнаның безендірілуі, іс-шараның мазмұндылығы мен ауқымдылығы, ұжымның ат салысуына жоғары талап қойылған.

Сайыс аясында техникалық факультет «Әйгерім ауылын» көтеріп, «Қыз ұзату» және «Қыздың жасауы» туралы көрінісін көрермен назарына ұсынды. Ал, КЖКББ факультеті «Ақсақалдар» ауылында қазыналы қарттың ел басына күн туған кезде қандай пайдалы екенін әдемі сахналап шықты.

Сәулет өнері факультеті – «Шеберлер ауылы» ұлттық киімдер мен қолөнер бұйымдарынан көрме ұйымдастырса, Экономика факультеті бесікке салудан бастап, шілдеhana, тұсаукесер салттарының ерекшеліктерін насихаттады.

Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультеті құрған «Абай» ауылы келін түсіріп, беташар жасады. Баласының тұсауын кесіп той жасаған



## ҚазАТУ төрінде

Энергетикалық факультеттің де наурыз мейрамындағы мерекелік шарасы тартымды шықты.

Тойдың көркін гуманитарлық факультеттегі ақындар айтысы мен шешендік өнердің саңлақтарының өнері қыздыра түсті.

Биыл Агрономия факультеті «Алтыбақан ауылы» болып шыға келді. Бұл күні алтыбақан басына жиналған жастар ұлттық ән-би өнері көрсетіп, ақсүйек ойнады. «Толағай» ауылының жастарындай туымдылық танытқан жерге орналастыру факультеті құда күтіп мәре-сәре болып жатты.

Университетіміздің колледжі Наурыз мейрамы қарсаңында «Бәйшешек» ауылының шаңырағын көтеріп, «Шілдеhana», «Қырқынан шығару» дәстүрлерін бейнелеп, терме толғаудан жыр шашты.

«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» АҚ-ының Басқарма төрағасы Ақылбек Күрішбаев бекіткен байқау ережесіне орай жеңімпаздар қаржылай марапаттауға ие болады.

Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі Университетіміздің салтанат сарайында Наурыз қарсаңында шығарылады деп жоспарланып отыр. Самарқанның көк тасы жібіген күні үздіктер жеңіс тұғырына көтеріледі!

Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққандарды марапаттау күні жақын, жарыс додасы қыза түсті! Газеттің бұл санына үлгімегендіктен жеңімпаздар туралы ақпарат университеттің сайтында жарияланады.

**Баспасөз орталығы**

